



*Қазақтың ұлттық  
ойындарын жас өскелең  
ұрпаққа ұлықтап,  
насихаттау*

*Нұр-Сұлтан қаласы, 2021 жыл*



▶ *Аламан бәйге* - алыс және өте алыс қашықтарға атшабыс,

▶ *байте* - ойлы қырлы жерлермен атшабыс,

▶ *аударыспақ* - ат үстінде алысу,

▶ *жорға жарыс* - жорғалар сыны,

▶ *құнан бәйге, дөнен бәйге, тай жарыс*- жылқы түліктерінің жарысы,

▶ *көкпар* - командалық ойын,

▶ *жамбы ату* - шауып келе жатып нысана

▶ *көздеу, күміс ілу* - жерден күміс тиынды ат үстінен іліп әкету,

▶ *сайыс* - ат үстінде қарумен жекпе-жек өткізу;

▶ *Ақыл-ой ойындары:*

▶ *шатрантаж* (шахматтың бір түрі),

▶ *шатраш* (дойбының бір түрі),

▶ *тоғызқұмалақ* - домалақ тас ойыны,

▶ *Күрес түрлері* -қазақ күресі,

▶ *Жеңіл атлетика* -жаяу жарыс,

▶ *Күш өнері* -балуан тас,

▶ *асық ойындары және т.б.*



Кез келген мықты мемлекеттің ерекше қамқорлығының мәні балалар болып табылады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, денсаулығына қамқорлық жасау- бұл ел болашағына қосқан үлес. Өскелең ұрпақтың денсаулығы - ұлт болашағының кепілі.

Денсаулықты сақтау тұрғысынан ең осал болып өсу, яғни жасөспірімдер мен жастар. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында адамдардың салауатты өмір салтына деген көзқарасын өзгертуге бағытталған ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі ретінде қазақстандықтардың денсаулығын дамыту қажеттілігі бірнеше рет атап көрсетілген.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығы білім беру ұйымдарына дене тәрбиесін оқыту және дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмекті жүзеге асырады.

# Нұр-Сұлтан қаласы, «Шығыс» БЖО жанындағы «Арқа ALAN» ұлттық спорт түрлерін дамыту орталығы

Ашылуы – 2020 жыл, 10 қазан

Орталықта 12 оқытушы-жаттықтырушы қызмет етеді. Педагогтердің кадрлық құрамы үздік кәсіби мамандар қатарынан қалыптастырылды.

Жаттықтырушы-оқытушылар арасында спорт шеберіне үміткер, ҚР спорт шебері және халықаралық дәрежедегі спорт шебері, республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар мен турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

Қазіргі таңда қосымша білім беру орталығына 500-ден астам бала тіркелген. Жалпы орталық 540 балаға арналған.



Орталықты ашудағы *басты мақсат* – ұлттық ойындарды зерделеу арқылы ұлттық өзін-өзі сәйкестендіру арқылы балалар арасында ұлттық ойындарды насихаттау және патриотизмге тәрбиелеу болып табылады.

**Ұлттық ойындар** – адамгершілік-патриоттық тәрбиенің ажырамас бөлігі. Олардан адамдардың өмір салты, ұлттық негіздер, ар-намыс, батылдық, күшке ие болу, ептілік, тапқырлық таныту, ұстамдылық сынды қасиеттер көрініс табады.

«АРҚА АЛАН» ұлттық спорт түрлерін дамыту орталығы балаларға бес спорт түрі: қазақ күресі, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ және шахмат спорт секциялары бойынша қатысуға мүмкіндік береді. Спорт залдар әр үйірмеге арнайы заманауи безендірілген жабдықтармен жабдықталған.



**АРҚА АЛАН**

2020-2021 оқу жылы ішінде 183 бала жарыстарда бақ сынады.

Олардың ішінде:

-қалалық деңгейде 41 бала орындар алды.

-республикалық деңгейде 16 бала орындар алды.



# Ұлттық ойындардың жас ұрпаққа пайдасы

Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады..

- ▶ Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Ұлттық ойындар арқылы өз халқының тарихын, жерін, даму сатысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, қонақ жайлылығын айқындап көруге болады..



- ▶ Ұрпақ тәрбиесі жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі тәлім-тәрбие жұмысына пайдалана отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыпымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.



Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді.



# Тоғызқұмалақ – ұлттық мұрамыз



- “Қазақ халқының ескі мұрасының бірі – Тоғызқұмалақ ойыны. Мұның қашаннан келе жатқаны жөнінде анық мәлімет жоқ. Тоғызқұмалақ ойыны бүкіл Орта Азияда, әсіресе қазақ пен қырғыз халықтарының арасында көп ұшырайды...



- "Тоғызқұмалақ - әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге ерекше күш салады".



- "Тоғызқұмалақ ойынында түркі халықтарының бай тарихы, этнографиясы, ұлттық дүниетанымы бар".  
В.Бутанаев (Хакасия).

## Ұлттық ойын мен ұлттық сана арасындағы байланыс

- ▶ Әрбір ұлттық ойын белгілі бір салт-дәстүрді дәріптейді. Мысалы, қазақтың ұлттық ойыны – тоғызқұмалақ. Тоғызқұмалақ – адамның ойлау, талдау қабілетін дамытатын, есепке құрылған ойын. Ерте кезде малшылар отауларды жерге ойып, қойдың кепкен құмалағын теріп алып ойнаған. Отаулардың 1-таңдық, 2-көшпелі, 3-атөтпес, 4-атсұратар, 5-бел, 6-белбасар, 7-қандықақпан, 8-көкмойын, 9-маңдай деген атаулары болған. Бұл ойынды қай отаудан бастайтынын білдірген. Қазіргі кезде арнайы жасалған ойын тақтасының бірнеше үлгілері (дөңгелек, сопақша, т.б.) кездеседі. Тақтада әр ойыншының бір қазаны, 81 құмалақ (қойдың кепкен құмалағына ұқсас тастар) салынған тоғыз отауы болады. Сандармен белгіленген әрбір отауға тоғыз құмалақтан салынады. Ойын оңнан солға қарай жүргізіледі. Бірінші жүрген ойыншы таңдаған отауындағы («маңдайдан» басқа) құмалақтарды бір-бірлеп кейінгі отауларға салып шығады. «Тұздық» бір-ақ рет алынады. Бірінші болып қазанына 82 құмалақты жинаған, не қарсыласын «атсырату» (құмалағы таусылған) жағдайына алып келген ойыншы жеңіске жетеді.




# *Ұлттық спортты дамытуға бағытталған ұсыныстар*

*Ұлттық спорт түрлерін  
дәріптейтін орталықтар  
санын көбейту*

*Ұлттық спорт түрлерінен  
көбірек жарыстар өткізу  
және соларды БАҚ  
арқылы тарату*

*Ұлттық спорт түрлерінен  
мамандар, кадрлар дайындау*




**Этнопедагогиканың «алтын формула»:**  
«Естеліктерсіз – дәстүрлер жоқ, дәстүрлерсіз – мәдениет жоқ, мәдениетсіз – тәрбие жоқ, тәрбиесіз - руханият жоқ, руханиятсыз – жеке тұлға жоқ, жеке тұлғасыз – тарихи қауымдастық ретінде халық жоқ».




**"Арқа ALAN"**  
ұлттық спорт түрлерін дамыту орталығы білім беру ұйымдарында ұлттық ойындарды насихаттау мен дамытуды әдістемелік сүйемелдеу бойынша ресурстық орталық болып табылады.  
Орталық педагогтерінің қатысуымен елордалық мектептер мен колледждердің дене шынықтыру мұғалімдері үшін шеберлік сағаттар, семинар-практикумдар, теориялық вебинарлар және нұсқаулық-әдістемелік жиналыстар өткізілді.

# Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мәдениеті болғанын айқындайды. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама алаптарына сәйкес ойын үрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді.





*Назарларыңызға рахмет!!!*